

**Бегалиева Жанар Турмаганбетовна**

*№53 А.Д.Романов атындағы жалпы орта мектебі*

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

*Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы*

## **Оқушыларға білім беру нәтижелеріне қол жеткізудегі педагогикалық технологиялар**

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады. Жаңа технологиямен оқытудың негізгі мақсаты – баланың ашылмаған қабілетін ашу, дамыта оқыту, белсенділігін арттыру, өзіне деген сенімділігін күшейту, іздендіру, пәнге қызығушылығын арттыру. Тіл үйрету- күрделі іс болғандықтан, әр сабақта ең тиімді деген тәсілді таңдай білу, баланың тіл үйренуге талпынысын оятып, қызығушылығын тудыра білу- әркімнің қолынан келе бермейді. Ол шығармашыл ұстаздың сан жылдар бойғы тынбай еңбек етуін талап етеді. Міне, сондықтан тіл үйретуші әрбір ұстаз үздіксіз іздене отырып, әр сабағында инновациялық технологияларды қолдану арқылы нәтижеге қол жеткізуге ұмтылуы керек. Тіл үйренушіге қажетті білім беру «инемен құдық қазғандай» аса жауапты да қиын іс. Әсіресе, өзге тілді шәкірттерге ана тілімізді үйретуде тер төгіп жүрген мұғалімдерге мұны естен шығармаған абзал. Бір сөзбен айтқанда, ізденуін тоқтатқан мұғалімнің сапалы білім беруі мүмкін емес. Әр сабақ айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым, тілдесім сияқты әрекеттерден тұратындығы белгілі. Қазіргі кезде тіл үйретуде жаңа технологияларды қолданбай сабақ өткізу мүмкін емес. Мұғалім сабақта тиімді деп санаған тәсілдерін әр түрлі көрнекі құралдардың көмегімен жүзеге асырады. Сабақта интербелсенді тақтаны қолдану тіл үйренушіге үлкен көмегін тигізеді. Деңгейлік тапсырмалар әр оқушының шамасына, біліміне қарай қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын, ойлау, сөйлеу қабілетін дамытатын, жеке көзқарасын қалыптастыратын, ізденімпаздыққа баулитын жұмыстар жүйесі. Бұл технологияның тиімділігі мен ерекшелігі:

оқушының білімі нақты бағаланады; белсенділігі артып, қызығушылығы оянады; ой еңбегі жетіледі; белгілі бір нәтижеге жеткенін іштей сезеді; өзіне деген сенімділігі артады; шығармашылық деңгейге дейін жетуге ұмтылады. Ж.Қараевтың деңгейлік саралап оқыту технологиясы мынандай төрт түрге бөлінген: репродуктивті, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық. Деңгейлік тапсырмалардың алғашқы үш деңгейі мемлекеттік стандарттың міндетті деңгейін құрайды. Төртінші деңгейде шығармашылық тапсырмаларын мұғалім жеке баланың қабілетіне қарай өзі құрастырады. Аталған технологияны сабақта қолдану өте тиімді. Әр сабақта деңгейлік тапсырманы орындаған белсенді оқушылар шығармашылық деңгейде тақырып бойынша шығарма жазу, ойтолғаныс, пікір, эссе жазу тапсырмаларын қиындықсыз орындайды. Осындай деңгейге жеткен оқушылар тілдесімге еркін қатысып, тіпті аудан, облыс, республика көлеміндегі әр түрлі сайыстар мен олимпиадаларда жүлделі нәтиже көрсете алады. Атап айтатын болсам, оқушыларым шығармашылық деңгейге жетіп, дарынды оқушылар қатарынан көрініп жүр. Қазақ әдебиеті сабақтарында графикалық органайзерлерді: Венн диаграммасын, дара диаграмманы, қос диаграмманы, уақыт тізбегін, хикая картасын, балық қаңқасын тірек кестелерді ұтымды пайдалану оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттырады. Оқушыны жан- жақты дамыту мақсатында өз тәжірибеде бірнеше технологияларды қолданамын. Кембридж университетінің әдістемесін қолдану мақсатында жеті модульді ықпалдастырудың маңызы зор. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану өте ыңғайлы да тиімді. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз, ол: шыңдалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау, күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешім қабылдауға құштарлық, үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым. «Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы үш кезең бойынша қолданылады:

**1. Қызығушылықты ояту.** Мақсаты: бұрынғы бар білімді еске түсіру, белсенді ойлауды жүзеге асыру, жаңа сабақты игеруге дайындық, бар білім мен игерілетін білім арасына көпір салу. Қолданылатын стратегиялары: «Психологиялық жаттығулар», «Кіру парағы», «Ассоциация құру», «ББҮ кестесі», «Деңгейлік тапсырмалар», «Т кестесі», «Бағдаршам», «Семантикалық кесте», «Ой топтастыру», «Ой қозғау», «Раундروبин». Бұл кезеңде оқушыларға қойылатын сұрақ: Не туралы білемін деп ойлайсың?

**2. Мағынаны тану.** Мақсаты: жаңа тақырыппен танысу, сұрақтарға жауап іздеу, білімді кеңейту, жүйелеу, тақырыпты ашу. Қолданылатын стратегиялары: «Аялдамамен оқу», «ДЖИКСО», «ТСО қолдану», «жуан, жіңішке сұрақтар», «Болжау кестесі», «Венн диаграммасы», «Сұқбат», «Қос жазба күнделігі», «Кластер», «Кілт сөздерді табу», «Өз миыңды суретте», «Рөлдік ойын», «Аквариум», «Бірлескен жоба». Оқушыларға қойылатын сұрақ: Не білдің? Не ұқтың? Қандай ереже шықты? Қайда қолданасың?

**3. Ой толғаныс.** Мақсаты: алған білімді талдау, толықтыру, тиянақтау, ізденіске жетелеу, ортаға салу, қорытындылау, жаңа білімге болжау жасау. Қолданылатын стратегиялар: «Синквейн», «Шығу парағы», «Эссе», «РАФТ», «Бағалау парағы», «ББҮ», графикалық органайзерлер. Оқушыларға қойылатын сұрақ: Не алдың? Не жасай аласың? Дарынды және талантты балалармен жұмыс нәтижесін әр түрлі мектепшілік, аудандық, облыстық, республикалық сайыстарға қатыстырылады. Көшбасшылық қасиетке ие әр сыныпта оқушылар баршылық. Оларды басқа оқушылар сыйлайды, сенеді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану арқылы оқушының функционалдық сауаттылығының қай дәрежеде екеніне көз жеткіздім. Қазіргі таңда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - басты міндет болып отыр. Мұғалім – мектептің жүрегі. Білім нәрімен сусындап, оның құпиясын аша білу – күрделі де қиын іс. Осы білім теңізінде еркін жүздіру – бала жанының бағбаны мұғалімнің іс-әрекеті.